ЧОЯ АШМЫЛОЯ МӨТОА

ШАЙҚАЛТҚАН ХАННЫҢ ОРДАСЫН, АҚЫННЫҢ СӨЗІ - ҚОРҒАСЫН

Махамбет поэзиясы 1920 жылдары жинала бастады. 1923 жылы Ташкентте Әбубәкір Диваев бастырған "Терме", "Сана" журналдарында ақынның 2-3 толғауы басылған. Соның бірі - оның "Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі" болатын. Бүгінгі таңда Махамбет мұрасына қатысты әдебиетші, ғалым-зерттеушілердің, көнекөз қариялардың айтуынша, жауынгер жырдың жампозы Махамбет бабамыздың ұзын саны 81 өлеңі белгілі болып отыр және жазған хаттары да сақталыпты.

Махамбет өлеңдерінің дәл немесе шамалап айтылған мерзімі түгелдей анық емес. Алайда көпшілігі - көтеріліс үстінде, Исатай қозғалысының ізімен айтылғанын тану да қиын емес. Махамбет өлеңі қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті, "тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін" сөздің патшасы. Оның өлеңдерінің әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы әсерлі, тап-таза қорғасыннан құйылғандай ап-ауыр асыл сөз.

Махамбет поэзиясы өзінің тақырыбы мен идеясы жағынан өзіне дейінгі жырау ақындар өлеңдерінен өлде-қайда өзгеше, әрі нақтылы. Біздің бұлай деуіміздің сыры бар. Себебі, Махамбетке дейінгі батыр ақындар Жиембет, Ақтамберді өлеңдері барынша дарашыл, жеке жортуылшы батыр әрекетіне құрылғандықтан, бұларда халықтық мүдде, халықтық идея бірінші кезекте тұрмайды. Олар туған жер, ел, халық, жұрт, қоныс сөздеріне көп оралмайды. Бұларда тар тақырып, өріссіз идея, дарашыл мүдде негіз алған.

Ал, Махамбет поэзиясы өмірден мүлде өзгеше поэзия. Махамбет поэзиясы - таптық, халықтық күрестің негізінде туған. Қазақ поэзиясында өлең тілінің халықтық мүдде тұрғысынан идеялық құран қызметінде жұмсалуы, саяси мен алуы Махамбеттен басталады.

Махамбет шығармаларының құндылығы - оның шындыққа негізделгенінде, халық үшін қызмет етуінде, еңбекші бұқараның мүддесін қолдауында.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет шығармаларын көп әрі терең зерттеген академик Қажым Жұмалиев: "Махамбет - өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, көмшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетке көрнекті үлгі қалдырған ақын. Махамбет - лирик ақын, оның өлеңдерінде өзінің көңіл күйі мен ел-сөзімі ұштасып жатады" - дейді. Өз заманының озық ойлы, терең сырлы табиғи таланты болған Махамбет парасаттылығы мен халық даналығы бір арнада тоғысып жатады. Өз халқы мен отанын шексіз сүйген патриот ақын, өткір тілін найзасымен қоса жұмсады. Бұқара халықты ханға қарсы қарулы көтеріліске шақырды, осы күрес жолында қандай қиыншылықтар кездессе де төзуге бел байлаған жауынгер ақын:

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға.
Қас үлектен туған қатепті,
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріндеп сөкше де,
Қабағын шытпас ер керек
Біздің бүйткен бұл іске,-

деп өз мүддесінен халық мүддесін артық санады. Елі үшін қандай қиыншылық болса да тайсалмай баратынын айтты.

Мысалы: Ермін деген жігітті,
Кеңшілікте сынама.
Келмей тұрған нәрсеге,
Жаныңды қинап жылама...

Махамбеттің халықтық беті айқын. Ол туған халқы үшін бар өмірін сарп етті. Махамбеттің өзі: ұл болып туған әрбір жастың мақсаты - "Ереуіл атқа ер салу, егеуілі найзаға қолға алу, алты малтаны ас қылып, ат үстінде күн көріп, ашаршылық шөл көріп" жүріп, ел-жұртына теңдік пен бостандық өперу, халқының арын, жерін қорғай білу деп түсінген.

Ата жұрттан, елден айырылып, қуынға түскен ерлердің халі лашынан ығысқан панасыз қызғыш құс тағдырына ұқсата жырланады. Махамбет жау тегеуірініне шыдамай, тұрағынан ығысып, бас паналаған ел-жұртының тағдырына назаланса да өкінбейді, өмірден өш түңілмейді. Бұл кездегі өлеңдерінен орындалмаған арманның өкініші ретінде романтикалық сарынның өксігі естілсе де, оның өршіл үні, өктем қорытындысы айқын сезіледі.

Айтса-дағы айныман,
Көлденеңнің сөзіне.
Әшкере болған ісім бар.
Жиылған жұртың көбіне, - деп ақын тегін айтпаған. Ол ата ісін ілгері дамытар ерді, тағдырдың ауыр тәкәппарлығын ұмытпайды.

Сан шерулі қол болса,
Батырлар болар ағасы.
Аз сейлер де көп тындар,
Қас асылдың баласы.

Осындай нақты тұжырымдар, эпитет, метафоралар, көркем сөздер Махамбет өлеңдерінде жиі кездеседі. Бұл - ақын шеберлігінің айқын белгісі. Махамбет шығармаларына терең тебіреніс, термелі тұспал тән. Қиялы ұшқыр, өжеттілікке құрылған шумақтары жаттауға, ұғынуға жеңіл, қарапайым. Әрі, ақын толғаныстары көркем образды сөздерге толы.

Аймақ та айма, аймақ көл,
Дария болып шалқымас.
Аяғы төмен ақ қан соң,
Айдан жарық нәрсе жоқ.
Сәулесі түспес жаһанға,
Қараңғы түнек басқан соң.

Міне, ақындық шеберлік қайда жатыр! Ақынның теңіздей толқыған, тулаған шабыты терең философиялық толғанысқа ұласып, сөзбен сурет салынып тұрған жоқ па?!

Махамбет өлеңдерінде кездесетін ақындық "меннің" мәні терең. Оған халықтың ерлігі, халықтық асыл қасиеттердің бәрі сиып жатыр. "Мен ақсұңқардан туған құмаймын", "Боз ағаштан биік мен едім", "Толғамалы сұңқар мен едім", "Шамдансам жығар асаумын" деп келетін тропа, метафора ақын тіліндегі көркемдеу құралдарының сан алуан құбылып отыратынын танытады.

Махамбет Исатайды суреттегенде неше түрлі теңеу, эпитет, метафоралар қолданады. Исатайды небір халықтың асыл сөздерімен суреттеп, қас батыр тұлғасын сомдайды.

Кермиығым, кербезім,
Келіскендей шандозым.
Құландай әщы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім.

Енді ақын өлеңдерінің құрылысына тоқталайық. Махамбет - өлеңдері арқылы өзінің айтар ойын, мақсат-мүддесін дәл көрсете білген. Ал, оның мақсаты өмір нұрын, шапағатын қалың еліне сыйлау. Бұл мақсаты оны күресуге жетелейді. Осылайша, күрес оның өлеңінің мазмұнына да, құрылысына да өз ықпалын тигізді. Академик Қ.Жұмалиев: "Махамбет өлеңдері жыр ағысымен 7-8 буынды болып келеді", - деп қорытады. Бұл пікірдің негізі дұрыс. Жыр формасы ақынға көп жеңілдік береді. Онда шумақ өлшемі, буын мөлшері, үйқас тәртібі онша қатал сақталмайды. Ақын бұл жағынан өзін еркін ұстап, өлеңнің буын санын да, үйқасын да, шумақ мөлшерін де өз ойына бағындырып алады.

Махамбет өлеңдері - өзіндік айтылу ерекшелігі бар ырғақты да екпінді өлеңдер. Өзіндік ырғағы бар деуіміздің себебі, өлеңдерінен көтеріліске аттанған халықтың дүбірі естіледі. Сондай шабытты, өсерге толы болып келеді.

Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген,
Тағы сынды жан едік,
Тағы да келдік тар жерге,
Таңдансаң тағы болар ма,
Төңірің салған бұл іске! -

деген шумақтардың құрылысы тіптен ерекше, бір жол, бір әріптен басталып, ерекше кестеленіп тұр. Сонымен бірге Махамбет өлеңдері образдылығымен, мақсаттылығымен, өткірлігімен күшті.

Махамбет өлеңдері жазба-әдеби туындылардан кем түспейді. Ол хан алдында қаймықпай, бар шындықты бетіне айтты. Өзін сарай ақыны етіп алғысы келіп жүрген Жәңгірге:

Он екі төбет, шұнақ хан
Шабатының ел екен.
Күндейтінің мен екен.
Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына бас болу
Мендей ерге жөн екен! - дейді.

Махамбет өзінің мұндай өткірлігі мен шыншылдығын көтеріліс басылғаннан кейін де қалдырған жоқ.

Қайта, ашулы ақын бұрынғысының үстіне күшейте түсті. Ол өзінің қиын жағдайда жүргендігіне қарамастан Баймағамбетке:

Мен кескекті ердің сойымын,
Кескілеспей басылман.
Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар, намысым қашырман.
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман.
Шамдансам - жығар асаумын,
Шамырқансам - сынар болатпын,
Кар қылад деп "тақсыр-ау"
Аяғыңа бас ұрман.
Бәйеке сұлтан, ақсүйек,
Қыларың болса, қылып қал,
Күндердің күні болғанда
Бас кесермін, жасырман,- дейді.

Махамбет шығармаларының қайсысын алсақ та осындай реалистікпен айтылған өткір шығармалар болып табылады. Махамбет өлеңдерінің барлығында дерлік ақынның өз көңіл-күйі мен ел күйі ұштасып жатқан саяси лирика екені айқын аңғарылып тұрады.

Махамбет поэзиясына тән өжеттік, ерлік, өткір сын, әр кезде де кейінгі жастарға үлгі. Ақынның бітім, тұлғатұрпаты, ісі, сөзі - бәрі ерліктің символындай деуге болады.

Академик Зейнолла Қабдолов: "Махамбет есімі - өмірдегі қасіреттің синонимінен өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы, әрі ардақты ат" деген болатын. Иә, қас батырдың отты өлеңдері ұрпақтан-ұрпаққа ұран болып жалғаса бермек.

Бибігүл ҚАЙЫРЖАНОВА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушысы.

Суретте: қазақтың атақты ақындары Хамит Ерғалиев пен Сырбай Мәуленов бастаған қаламгерлер Махамбет зиратына дұға етіп, музейге келе жатыр.

Сол жақ шеткі Индер аупарткомының бұрынғы хатшысы Қ.Ризуанов.